

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызыны
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған «Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ЖЕТКІЗУ

*Жүнісова Ж.А., ф.ғ.к., доцент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Абдрасилов Е., ф.ғ.д., доцент*

Аннотация. Мақалада функционалдық грамматиканы зерделеу тәсілдерін қолдану арқылы қазақ тілінің грамматикасын тиімді түсіндіру және грамматикалық формаларды, грамматикалық құрылымдарды анықтау нәтижелері талданады. Нәтижесінде салыстырмалы мазмұнды қазақ тілінде берудің жаңа үлгілері мен нысандары айқындалады, бұл салыстыруды қазақ тілінде жеке грамматикалық категория ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: тілді оқыту, әдістеме, грамматикалық құрылымдар, функционалды грамматика, грамматикалық категория.

Аннотация. В статье анализируются вопросы эффективного объяснения грамматики казахского языка и результаты определения грамматических форм, грамматических структур путем применения способов изучения функциональной грамматики. В итоге определяются новые модели и формы передачи сравнительного содержания на казахском языке, что позволяет рассматривать сравнение в казахском языке в качестве отдельной грамматической категорий.

Ключевые слова: изучение языка, методика, грамматические структуры, функциональная грамматика, грамматическая категория.

Қазіргі қазақ тілін өзге ұлттарға үйретудегі басты өзекті мәселе – қазақ тілінің грамматикасын жеткізу. Қазақ тілінің грамматикасына да қатысты тіл ғылымында түрлі пікірлер бар. Дәстүрлі тәсілмен, орыс тіл білімінің ізімен зерттелген грамматика көптеген мәселелерді жүйелеп те берді. Бұл тұрғыдан қазақ тіл біліміндегі корифей ғалымдардың еңбектерінің әрқайсының өзіндік орны, маңызы бар. Өйткені тіл білімнің теориялық тұрғыдан зерттелуіндегі кеңес кезені үшін грамматикалық құрылымдарды айқындау, оларды тереңдей зерттей түсу, нақтылау өзіндік жаңалық болып есептелді. Олай болуы заңдылық та болатын. Даму динамикасы да солай болды.

Осы зерттеулер негізінде тілдің құрылымын түсіндіру кезінде кейде жаттанды тіл грамматикасы мен оның құрылымдық бөлшектері туралы ережелерді, қағидалар мен ойларды мәніне терең үңілместен, қолданысын ескерместен, оның тиімді-тиімсіздігін бағаламастан ортаға салып, талдап жататын кездеріміз де болады. Мысалы, *тіл дыбыстары, тіл дыбыстарының түрлері, үндестік заңы, буын, буынның түрлері, ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, сөз таптары, қосымшалар, жалғау, жұрнақ, нөлдік форма, модаль сөздер, етістік категориялары, етістіктің шақтары, есімше, көсемше, лексика,*

лексиканың ішкі тілдік қабаттары, полисемия (көпмағыналылық), синтаксис, тілдегі сөз тіркестері, олардың түрлері, сөйлем, сөйлем мүшелері, сөйлемнің мағыналық түрлері, сөйлемнің құрылымдық түрлері, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, орфография, пунктуация, т.б. тізе беруге болады.

Тіл білімінің метатілі бұдан өзге де жаңа ұғымдармен, тиісінше зерттеулермен толыға түсті. Бұл бағыттағы ассоциацияны тудыратын ұғымдардан да мысал келтіре кетуге болады. Мысалы, *семантика, семантикалық қатынастар, уәж, семантикалық уәж, сема, семалық белгі, танымдық біл тілімі, концептуалдық лингвистика, тілдегі концептілер, дискурс, семантикалық талдау, тілдік қызмет, грамматикалық ерекшеліктері, грамматикалық категория, тілдік категория, т.б.* Кейде мұндайды «ұғымдық зерттеулерге бет бұру» деп те ақтап алуға ұмтылатын пікірлер бар. Әрине, жеке бірліктерді талдаумен шектелмей тілдегі ұғымдық деңгейде көзге көріне бермейтін тылсым ерекшеліктерді анықтауға ұмтылудың да ілгерінді жағы бар.

Маман деңгейінен қарасаң, жоғарыда аталып өткен бағыттағы терминдік ұғымдардың негізінде кітаптан кітап ақтарып, іздене түссең, әрине, бұл терминдердің аясындағы зерттеулердің қай-қайсысы да түсінікті, қай-қайсысы да, ең бастысы, қызықты. Бұл ұғымдардан таныс болу немесе болмау, олар туралы түсініктің болуы қазіргі біздің тіл біліміндегі ғылыми ізденіс деңгейімен өлшеніп, бағаланып та жүрген жайы бар. Әрине, бұл ғылыми бағыттар. Ондағы терең талдаулардың өзіндік еңбек пен ізденіс арқылы жасалып, сол бағытта, сол талдаулар бойынша көптеген диссертациялар жазылды.

Бірақ кейінгі тіл жүйесі контекст аясында, белгілі бір қолданыс тұрғысынан зерттеле бастады. Сондай-ақ, тілдің жүйесін грамматикамен жеңіл түсінуге ұмтылды. Грамматиканы үйреніп, оның тілде қолданылуына мән беріле бастады. Оның үстіне, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ тілінің мәртебесі тілді үйретуге деген ізденістерді қажет етті. Бұл ретте, тілдік оралымдар мен тіркестерді, сөйлем ішінде қолдануға қажетті заңдылықтарды жүйелеу – тіл үйренушілер үшін тілді зерттеушілер, практикалық пайдалы еңбектер ұсынуға тиісті мамандар тарапынан күтілетін нәтиже.

Бірақ тіл үйрету құралдарында, тілді оқытуға арналған оқулықтардың ішінде дәстүрлі грамматика терминдері тәптіштеп түсіндіріліп жатады, құрылымдық грамматика аясындағы терминдер қолданылады. Бұл тұста жасанды түсіндіру, ескі үрдіспен жалғаулармен, жұрнақтармен шұқыланып отыру – әлемді тіл үйретудің озық әдістемесінің талабына да, грамматиканы тиімді, практикаға бейімдей отырып түсіндіру талабына да сәйкес келмейді. Дәлел қайсы деп жатудың өзі артық деп ойлаймыз.

Мәселен, тіл үйренушіге қажеттісі – сөздік және тілдегі оралымдарды, жиі пайдаланылатын тіркестерді, сөйлем құрылымдарын бірізге түсіру бағытындағы ақпараттар, бірін екіншісі бекіте түсетін тапсырмалардан тұратын оқулықтар, оқу құралдары. Оларға грамматиканы ескі дәстүрмен түсіндіріп қойып, одан әрі үйретуге тиімді болсын, тиімсіз болсын сол грамматика жиі кездесетін мәтіндерді топтастырып беру, тілді үйретуді мақсат етпейтін ескірген жаттығулардың, тапсырмалардың типтерін ұсыну – қазіргі тілді оқыту,

грамматиканы түсіндіру, әсіресе, тиімді түсіндіру тұрғысынан ұтымсыз болып көрінеді. Расында солай.

Тіл білімі саласындағы терминдерді қолданып тіл үйренушіге жаттығу жазудың, жаттығудың, тапсырманың сөйлемін тіл білімі терминдерімен берудің, грамматиканың заңдылықтарын филолог-мамандарды дайындап жатқандай түсіндірудің қажеттілігі жоқ. Қазақ тілді ортаға арналған әдеби тілмен жазылған, сөйлеу тілінде қазақ тілділердің өзі оқығаны болмаса, сөйлеуде қолдана бермейтін оралымдары бар мәтіндерді тілді үйретуге материал ретінде алудың да қажеттілігі жоқ. Мүмкін, ол жазба тілді үйрету үшін қажет шығар, бірақ бірінші кезектегі үйретілетін, дағдыланатын бағыт емес.

Ал грамматиканы дәстүрлі, құрылымдық жүйемен бұлай түсіндіру-түсіну, жалпы түсінік үшін болмаса, қазақ тілділер үшін де қажет емес. Бұл жайтты белгілі қоғам қайраткері Д. Көшім де орынды атап көрсетеді: «... Қоғам үшін мектеп бітіріп шыққан жастардың қазақ тілі грамматикасын меңгергені емес, қазақ тілінде қарапайым сөз тіркестерін құрастырып, қарапайым сұрақтарға жауап бергені, бір сөзбен айтқанда қазақ тілді ортада өзін еркін сезінгені керек. Орыс мектептеріне арналған қазақ тілінің оқулықтарын мүйіздері қарағайдай академик, профессорлардан гөрі орыстілділерге отыз жыл қазақ тілін үйреткен репетиторлардың жазғаны дұрыс. Бұл – бүгінгі тілдік ахуалдан туатын талап» [1, 83].

Бұл бағыттағы ізденістердің негізінде жұмсалымды (функционалдық) грамматиканы зерттеу қолға алына бастады. Осы тұрғыдан орыс тіл біліміндегі функционалдық грамматика бағыты негізге алынуда. Мысалы, Санкт-Петербург лингвистикалық мектебінің өкілі А.Бондарконы, оның еңбектерін орыс тілінің функционалдық грамматикасын, яғни біз ойлағандай, грамматиканың қолданымдық, немесе өзгелер айтып жүргендей, жұмсалымдық грамматикасын қалыптастырушы ретінде қарастырып жүргеніміз айқын. Бірақ, осы грамматикамен танысудың барысында, мейлі теориялық тұрғыдан болсын, мейлі практикалық жағынан болсын бұл грамматиканы толыққанды жұмсалымдық грамматика деп айту қиын. Рас, әрбір сөздің жұмсалым өрісіндегі түрлі мағыналарға ие болу мүмкіндіктері жан-жақты талданады. Ғалым лексиканың өрістердегі функционалдық өзгешеліктерге, түрлену мүмкіндіктеріне ие болу ерекшеліктерін жан-жақты талдайтыны рас. Бұл лексиканың деңгейінде, жекелеген сөздердің мағынасы деңгейінде функционалдықтан гөрі функционалдық-құрылымдық орыс тілінің грамматикасы деп атауға дәлірек келеді. Дайын күйінде тілде қолдануға, тілді үйренуде пайдалана салуға сол күйінде сәйкес келе бермейді. Шартты түрде функционалдық-құрылымдық деп атауға ұмтылатындығымыз сондықтан. Өйткені құрылым бойынша әрбір сөзді қарастыратын, әрбір сөздің мағынасын қарастыратын құрылымдық лингвистика бағытында талдау өрістік сипат қана алады. Сол тұрғыдан жартылай функционалдық сипатқа ие болады. Бірақ ол толығымен функционалдық деп атауға да келе бермейді. Бұл бағыттағы ойларға айтпағымыз осы.

Ал қазақ тіл білімінде мұндай бағыт А. Ысқақовтың, Н.Сауранбаевтың, Ы.Мамановтың т.б. басқа еңбектерінде кезінде-ақ талданып қойған [2; 3; 4;]. Лексиканы синтаксистің жүйесіне сала отырып, морфологиялық бірліктерді контекст аясында қарастыратын когнитивтік лингвистика аспектісінде өнімді еңбек еткен ғалым С.Е.Кубрякованың еңбегін де осы бағытқа жатқызуға болар деген ойдамыз. Қазіргі қазақ тілінің материалдары негізінде функционалдық грамматиканың ұғымдары жекелеген еңбектерде қарастырылды да [5].

Дегенмен, 90 жылдардың ішінде қазақ тілін үйренуге сұраныс басталған уақытта құрылымдық грамматикадағы ережелер мен қағидаларды түсіндіру арқылы мамандардың тіл үйретуде жоғары нәтижеге аз уақытта қол жеткізе қоймағаны шындық. Бұған өздері де маман ретінде бірте-бірте көз жеткізгені есімізде. Тіпті, қазақ тілін оқытудағы бірден бір оқулық ретінде қаралған сол кездегі оқулықтың уақыт өте келе қолданыс талаптарын толық қанағаттандыра алмағаны белгілі.

Грамматиканы түсіндіруде кейінгі ізденушілер мен оқу құралдарын, оқулықтарды жазушылар әдістемелік идеялардың, қызықтыру құралдарының, грамматиканы түсіндіруде грамматиканы берудің комбинациялық тәсілдеріне сүйеніп, нәтижелерге қол жеткізгені белгілі. Бұл қазірге дейін солай. Қазіргі оқулықтар да тіпті сол ізбен жазылу үстінде. Айталық, салыстырмалы шырайды - *рақ*, - *рек*, - *ырақ*, - *ірек*, - *лау*, - *леу*, - *дау*, - *деу*, - *тау*, - *теу* жұрнақтары арқылы түсіндіріп, қазақ тіліндегі салыстыруды білдіретін негізгі үлгі ретінде көрсетіліп жүргені белгілі [6, 148]. Бірақ салыстыруды мақсат еткен сөйлем болмаса, дербес тұрып бұл жұрнақтар салыстырудың функциясын атқара алмайды. Салыстыруға қосымша реңк беретін шырай жұрнағы ғана. Сондықтан бұл қосымшалар салыстырмалы шырай жұрнақтары ретінде қосымша түсіндіріледі.

Бұдан өзге қазақ грамматикасында «салыстырмалы сабақтас құрмалас сөйлем» бар [7, 723]. Мысалы, *Бұрынғы заттар сапалы болып келсе, қазіргі дүниелер ондай сапада емес*. Бір жағдай екінші жағдаймен салыстырылады. Қисынды салыстырудың сөйлемдегі құрылымдары әртүрлі жолдармен жасалады. Немесе: *Орамал тағуды қазақ қыздары әдеміліктің белгісі деп санайтын, қазіргі жастар ескіліктің қалдығы деп ұғады*. Дегенмен, қисынды салыстыру, сөйлемдердің мазмұны арқылы салыстыру орын алмаса, бұл сөйлемдерде тікелей салыстырудың айқын тәсілі көрсетілмеген.

Бірақ бұл айтылғандардан өзге шет тілдеріндегідей қазақ тілінде салыстыруды жеткізетін грамматикалық құрылымдар жоқ деген сөз емес. Әзірге мән беріп қарасақ, төрт нұсқасын байқауға болады. Олар:

1)- *ға*, - *ге*, - *қа*, - *ке* (немесе тиісті жақтағы барыс септік) + **қарағанда**. Мысалы: *Кешегіге қарағанда, бүгін суық (тау) / (суығырақ)*, т.б.

2) - *мен*, - *бен*, - *пен* (немесе тиісті жақтағы көмектес септік) + **салыстырғанда**. Мысалы: *Үлгідегі ақ көйлекпен салыстырғанда, камзолмен килетін қазақы көйлек көзге тартымды (лау) / (тартымдырақ)*, т.б. «Салыстыру» сөзі салыстыру мәніндегі сөйлемдерді жасауға тікелей қатысады.

3) - *нан, - нен, - дан, - ден, - тан, - тен* (немесе тиісті жақтағы шығыс септік) + *гөрі* шылауы. Мысалы: *Кітаптың алдыңғы басылымынан гөрі кейінгі басылымы сапалы(лау) / (сапалырақ), т.б.*

4) - *нан, - нен, - дан, - ден, - тан, - тен* шығыс септігінің (немесе тиісті жақтағы шығыс септік) **жалғауының өзі арқылы ғана** салыстыру мәнін жеткізуге болады. Мысалы: *Биік қара торыдан қызыл жиреннің бабы жақсы (лау) / (жақсырақ) екен, т.б.*

Көрсетілген құрылымдарды қазақ тіліндегі салыстыруды берудің грамматикалық құрылымы ретінде түсіндіруге болады деп ойлаймыз. Бұл тұрғыдан салыстыру мәніне әр қырынан келсек, салыстырудың өзін қазақ тіліндегі жеке категория ретінде қарастыруға болады. Осы сипатта тілдегі өзге де негізгі мазмұндық құрылымдарды жеткізудің грамматикалық құрылымдарын айқындай түсудің мүмкіндігі бар. Осы орайда, қазіргі қазақ тілін үйретуде функционалдық грамматиканы мазмұндық аспектіде қарастырып, практикалық жағынан зерделеген ұтымды болар еді. Бұл тіл үйретуде, тілдегі мазмұндық бірліктерді жеткізуде грамматиканы жаңа қырынан танып, топтастыруға мүмкіндік берері анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Көшім Д. Ұлттық құндылықтар – ұрпақ қазынасы // «Тіл және қоғам» альманахы: сұхбатты жүргізген – Қонысбай Әбіл. – № 2 (44), – 2016.
2. Маманов Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2007. – 488 б.
3. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Арыс», 2008. – 592 б.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 384 б.
5. Қазіргі қазақ тілінің функционалдық грамматикасы. – Алматы: «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.
6. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.
7. Қазақ грамматикасы: фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

ТІЛДІК ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Канафиева К.К.

Қазақ технология және бизнес университетінің профессоры, п.ғ.к.

kanafieva_k@mail.ru

Аннотация. Мақалада жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту арқылы тілдік тұлға қалыптастырудың концептуалды-лингводидактикалық негіздері қарастырылады.

Кілт сөздер: дидактикалық заңдылықтар, тілдік тұлға.